

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТИ**

**«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ, НАНОТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ  
ЖАҢА МАТЕРИАЛДАР» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНЫң РЕГЛАМЕНТІ**

**БІРІНШІ БӨЛІМ**

**Жалпы ережелер, қолдану аясы, негізdemесі және қысқартылған сөздер**

**Жалпы ережелер**

**1-бап.** (1) «Жаратылыстану ғылымдары, нанотехнологиялар және жаңа материалдар» ғылыми-зерттеу институтының қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдеріндегі атауы жазылған мөрі, бұрыштама белгісі және бланкісі болады.

(2) Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мекемесінің «Жаратылыстану ғылымдары, нанотехнологиялар және жаңа материалдар» ғылыми-зерттеу институты Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, №29 мекен-жайы бойынша орналасқан «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесіне қарасты құрылым болып табылады.

(4) Ғылыми-зерттеу институт атауы казақ тілінде: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Жаратылыстану ғылымдары, нанотехнологиялар және жаңа материалдар» ғылыми-зерттеу институты; түрік тілінде: Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi «Fen Bilimleri, Nanoteknolojiler ve Yeni Malzemeler» Araştırma Enstitüsü; орыс тілінде: Научно-исследовательский институт «Естественные науки, нанотехнологии и новые материалы» Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави; ағылшын тілінде: Scientific Research Institute «Natural Sciences, Nanotechnologies and New Materials» of the Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University ретінде белгіленеді.

**Колдану аясы**

**2-бап.** (1) Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Жаратылыстану ғылымдары, нанотехнологиялар және жаңа материалдар» ғылыми-зерттеу институтының мақсатын, органдарын, қызметтерінің тәртібі мен негіздерін қамтиды.

**Негіздемесі**

**3-бап.** (1) Осы регламент Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жарғысының 5 (e), 8 (c), 10 (a) және 15-баптарына негізделіп дайындалды.

**Қысқартылған сөздер**

**4-бап.** Қолданылған қысқартылған сөздер төмендегідей:

a) Институт: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Жаратылыстану ғылымдары, нанотехнологиялар және жаңа материалдар» ғылыми-зерттеу институты;

b) Институт директоры: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Жаратылыстану ғылымдары, нанотехнологиялар және жаңа материалдар» ғылыми-зерттеу институтының директоры;

c) Ректор: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры;



25

25

- d) Ректор өкілі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректор өкілі;
- e) Университет: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
- f) Басқару кеңесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Жаратылыстану ғылымдары, нанотехнологиялар және жаңа материалдар» ғылыми-зерттеу институты Басқару кеңесі мағынасын білдіреді.

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

### Институттың мақсаты мен қызметтері

#### **Институттың мақсаты**

**5-бап.** (1) Институттың стратегиялық мақсаты математика, физика, химия, биология ғылымдары, жаңартылатын энергия көздерін, энергия үнемдеу және баламалы энергия көздерін пайдаланудың өзекті іргелі және қолданбалы мәселелерін шешу, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу және ғылыми зерттеулердегі әзірлемелерді коммерцияландыру, сондай-ақ нанотехнологиялар және наножүйелік ғылымдар білім беру саласындағы білім беру жұмыстарын жүргізу болып табылады.

#### **Институттың қызметтері**

**6-бап.** (1) Институттың қызметтері төмендегідей:

- 1) бірінші кезеңнен бастап соңғы кезеңге дейін инновациялық бүйімдарды әзірлеу;
- 2) зерттеу нәтижелерін Thomson Reuters, Web of Science, Scopus және т.б. халықаралық базаларда индекстелетін ғылыми басылымдарда жариялау;
- 3) халықаралық байланыстар үшін жағдай жасау, ғылыми байланыстар орнату және қазақстандық, түркиялық және т.б. шетелдік мекемелері мен халықаралық үйімдар арасында тәжірибе алmasу;
- 4) ғылыми-зерттеу қызметтерін, сараптамалар мен консультацияларды үйімдастыру;
- 5) зерттеулердің нәтижелерін өндіріске енгізу, жаңа технологиялар бойынша шағын кәсіпорындарды ашу жөнінде ұсыныстар енгізу;
- 6) халықаралық, мемлекеттік және жеке үйімдар жариялайтын ғылыми гранттар конкурстарына қатысу үшін жобаларды әзірлеу және іске асыру;
- 7) институт алдында тұрған өзекті мәселелер бойынша ғылыми конференциялар, семинарлар және т.б. іс-шараларды үйімдастыру;
- 9) зертханаларды заманауи зертханалық жабдықтармен, компьютерлік техникамен және бағдарламалық құралдармен қамтамасыз ету және медициналық мақсаттағы нанокұрылымды биоүйлесімді материалдарды әзірлеу: организмнен бас тартуды тудырмайтын әртүрлі тіндердің импланттары мен алмастырғыштары үшін материалдар жасау.
- 10) әдістемелік құралдар мен нұсқаулықтар әзірлеу;
- 11) университеттің докторанттары мен магистранттарының жобаларға қатысуына жәрдемдесу, олардың диссертацияларының тақырыптарын институттың ғылыми бағыттары бойынша тақырытарға бағыттау;
- 12) Қазақстанның орталық өнірлерінде экономиканы жаңғыртуды қолдау үшін ақпараттық орта мен алаң құру;
- 13) рентгендік құрылымдық талдауды және оптикалық микроскопияны және электрлік зерттеу әдістерін қолдана отырып эксперименттік зерттеулер жүргізу;
- 14) компьютерлік және сандық модельдеу әдістерін қолдана отырып теориялық зерттеулер жүргізу;



15) Институттың ғылыми бағыттары саласында ғылым-білім жетістіктерін насыхаттау, жүргізген зерттеулер мен қол жеткізген нәтижелер туралы ақпараттар дайындау;

16) Шаруашылық келісімшарт негізінде ғылыми-зерттеулер жүргізу мен қызметтер көрсетуге тапсырыстар қабылдауға ұсыныс жасау.

## ҮШІНШІ БӨЛІМ

### Институттың құрылымы мен қызметтері

#### **Институттың құрылымы**

**7-бап.** (1) Институттың құрылымы төмендегідей:

- a) Директор
- b) Басқару кеңесі
- c) Ғылыми-зерттеу зертханалары

#### **Институт директоры**

**8-бап.** (1) Ректор мен ректор өкілінің шешімімен үш жылға тағайындалады. Жұмыс мерзімі аяқталған институт директоры, қайтадан қызметке тағайындалу құқығына ие.

#### **Институт директорының қызметтері**

**9-бап.** (1) Институт директорының қызметтері төмендегідей:

- a) Жылдық және төрт жылдық стратегиялық даму жоспарын, институттың жұмыс жоспарын және жұмыс есебін дайындау, университеттің Ғылым комитетіне немесе Сенат мәжілісіне ұсыну;
- b) Басқару кеңесін жиналысқа шақыру, жиналысқа төрағалық ету және жиналыста қабылданған шешімдерді орындау;
- c) Институттың атынан өкіл ету, ғылыми-зерттеу қызметтері мен басқару жұмыстарын жүргізу;
- d) Отандық және халықаралық ғылыми ұйымдар мен зерттеу және практикалық институттарымен ынтымақтастық қатынастарын орнату арқылы институттың мақсатына сай жобаларды дайындауды қамтамасыз ету;
- e) Жариялануға ұсынылған зерттеулер мен ізденістерді Ғылым комитетіне немесе Сенат мәжілісіне ұсыну;
- f) Институт мақсатына сәйкес берілген басқа да міндеттерді орындау;
- g) Жыл сайын атқарылған жұмыстар жөнінде университеттің Басқару кеңесіне есеп беру.

#### **Басқару кеңесі**

**10-бап.** (1) Басқару кеңесі университет ректоры мен ректор өкілінің ортақ шешімімен тағайындалған төрт мүше мен институт директорынан құрылады. Басқару кеңесі мүшелерінің қызмет мерзімі үш жыл. Қызмет мерзімі аяқталған мүшелер қайтадан тағайындалуы мүмкін. Қызметтінен босаған, Басқару кеңесі мүшесінің орнына қалған мерзімді аяқтау үшін алғашқы тағайындау барысында қолданылатын негіздер шеңберінде жаңа мүше тағайындалады.

(2) Басқару кеңесі институт директорының шақыруымен кем дегенде екі айда бір рет жиналады. Қажет болған жағдайда институт директоры Басқару кеңесін кезектен тыс жиналысқа шақыра алады. Басқару кеңесінің жиналысына Институт директорымен қоса, кем дегенде үш мүше қатысуы тиіс. Шешімдер көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар бірдей болған жағдайда, Төрағаның дауысы екі дауыс болып есептелінеді.

#### **Басқару кеңесінің қызметтері**

**11-бап.** (1) Басқару кеңесінің қызметтері төмендегідей:



22  
2F

- a) Институттың басқаруы мен жұмыстары туралы шешім қабылдау;
- b) Институттың стратегиялық даму жоспарын талқылау, бекіту және орындалуын қадағалау;
- c) Жұмыс топтарын құру және олардың жұмыстары бойынша нұсқаулар беру;
- d) Отандық және халықаралық мекемелермен ынтымақтастық негіздері мен бағыттарын белгілеу;
- e) Жылдық жұмыс бағдарламасын бекіту;
- f) Институттың ғылыми жұмыстары мен жұмыс топтарына байланысты және колдау сұраныстары бойынша шешім қабылдау;
- g) Зерттеу, магистратура және докторантуралы жұмыстарына берілетін шәкіртакылары туралы шешім қабылдау;
- h) Ұйымдастырылған курстар, оку бағдарламалары, жиналыстар мен басылатын жарияланымдар жөнінде шешім қабылдау;
- i) Берілетін сыйлықтардың негіздерін белгілеу.

#### **Ғылыми-зерттеу зертханалары**

**12-бап.** (1) Институттың ғылыми-зерттеу жұмыстары мен жобалары, оқыту және т.б. жұмыстарын іске асыру мақсатында ғылыми-зерттеу зертханалары құрылады.  
 (2) Ғылыми-зерттеу зертханалары институт директоры алдында жауапты. Әр жылдың аяғында Институт директорына атқарылған қызметтері туралы жазбаша түрде есеп береді.

#### **Институт құрылымы**

**13-бап.** (1) Институт штаты төмендегідей: 1 директор, 2 бас ғылыми қызметкер, 3 ғылыми қызметкер, 2 кіші ғылыми қызметкер.  
 (2) Мемлекеттік немесе халықаралық гранттық жобалар негізінде Институтқа қосымша штат ашылуы мүмкін.

#### **ТӨРТИНШІ БӨЛІМ**

#### **Сонғы және басқа да ережелер**

#### **Қаржылық ережелер**

**14-бап.** (1) Институт бюджеті университет бюджетінен бөлінген қаржыдан, гранттық жобалар қаржысынан және құқықтық шеңберіндегі басқа да қаржы көздерінен құралады.  
 (2) Институттың жылдық бюджеті Басқару кенесі тарапынан дайындалады және университет бюджетінің құрамында Әкілетті Кенес тарапынан бекітіледі.  
 (3) Басқару кенесі мүшелеріне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жол шығындары және тәуліктік төлемдер төленеді.

#### **Өзге де регламенттер**

**15-бап.** (1) Осы регламентте қарастырылмаған мәселелер бойынша университет ережелері негізге алынады.

#### **Күшіне ену**

**16-бап.** (1) Бұл регламент институттың тіркеу жұмыстары аяқталғаннан кейін өз күшіне енеді.

#### **Жүзеге асыру**

**17-бап.** (1) Бұл регламентті университет ректоры және ректор өкілі жүзеге асырады.

Регламент қабылданған Әкілетті Кенес мәжілісі		
Күні: 17.08.2024	Мәжіліс № 77	Шешім № 5.3



M  
ZF